

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2025 жылғы 26 қыркүйектегі № ДС-349

Құрметті депутаттар!

Шығыс Қазақстан облысындағы туризмді дамытуға қатысты сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Үкімет еліміздің туризм саласының дамуына қатысты жұмыстар атқаруда.

2025 жылдың қаңтар-маусым айларында өңірге келген туристер саны 214,5 мың адамды құраған (өсім 15,8 %). Көрсетілген туристік қызметтердің көлемі 2025 жылғы қаңтар-маусымда 4,2 млрд теңгеге жеткен (өсім 24,5 %).

Шығыс Қазақстан облысында 383 туристік нысан (санаторийлер, пантотерапиялар, тау шаңғысы курорты, қонақүйлер, демалыс базалары және орналасу орындары) қызмет көрсетеді.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша туристік бағыттарды дамытуға арналған жол картасын қабылдау бойынша

Қазіргі уақытта өңірдің туристік саласын дамыту жөніндегі мастер-жоспарды (бұдан әрі – Мастер-жоспар) әзірлеу аяқталды. Мастер-жоспарда өңірдің 4 негізгі туристік бағытын абаттандыру көзделген.

Анықтама:

Өскемен қаласы – Бұқтырма су қоймасы – Зайсан көлі бағыты;

Катонқарағай және Марқакөл аудандары бойынша туристік маршруттар мен туристік соқпақтар, оның ішінде Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мен Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының аумақтарында;

Риддер қаласына баратын туристік маршруттар мен туристік соқпақтар, оның ішінде Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының аумақтарында;

«Мистикалық әрі тылсым Алтай» атты айналмалы туристік маршрут.

Мастер-жоспарды 2025 жылдың соңына дейін бекіту жоспарлануда.

2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджеттен әуе бағыттарын субсидиялауға қатысты

2025 жылы тұрақты әуе маршруттарын субсидиялау бағдарламасы аясында 23 өңіраралық бағыт бойынша 6,4 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген Катонқарағай, Зайсан және Кендірлі

курорттық аймақтарының әлеуетін ашу жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында үш: Катонқарағай, Зайсан және Кендірлі әуежайларының құрылысы басталды.

Бұл жобалар «Қазақэроавиация» РМК қаражаты есебінен іске асырылады.

2026 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау және Катонқарағай, Зайсан және Кендірлі әуежайларын пайдалануға беру жөніндегі іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

Бұдан басқа Көлік министрлігі ел ішіндегі 2026 жылы 7 жаңа әуе бағытын (*Астана – Зайсан, Алматы – Зайсан, Астана – Катонқарағай, Алматы – Катонқарағай, Астана – Кендірлі, Алматы – Кендірлі, Атырау – Кендірлі*) ашуды жоспарлап отыр, бұл көлікке қолжетімділікті арттыруға және ішкі келу туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Жоғарыда көрсетілген авиамаршруттарды ашу үшін 2,3 млрд теңге қажет.

Бұл қаражатты Көлік министрлігі 2026 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау (түзету) шеңберінде мәлімдейтін болады.

Зайсан – Үрімші, Катонқарағай, Баян-Өлгей бағыттарын ашу мүмкіндігін зерделеу бойынша

2012 жылдан бері елімізде ішкі авиатасымалдар нарығындағы барлық шектеу алып тасталғанын ескерсек, тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсаты бар қазақстандық әрбір авиакомпания сұранысқа сәйкес еліміздегі кез келген ішкі маршрутта тұрақты рейстерді орындауға құқылы.

Зайсан – Баян-Өлгей және Зайсан – Үрімші авиамаршруттарының әлеуетін зерттеу мақсатында отандық авиатасымалдаушылармен алдын ала кеңестер жүргізілді, оның қорытындысы бойынша көрсетілген маршруттарды іске қосу жоспарланбайды, себебі болжамды коммерциялық жүктеме жеткіліксіз болғандықтан, экономикалық орындылық қамтамасыз етілмейді.

Аталған жұмыс жолаушылар легін бағалау қажеттігін, Зайсан, Катонқарағай әуежайларының инфрақұрылымдық тұрғыдан әзірлігін ескере отырып, сондай-ақ халық тарапынан авиатасымалға сұраныс болса, субсидиялауды пайдалану мүмкіндігіне қатысты мәселе қайта қаралатын болады.

Марқакөл мен Зайсанда шетелдік туристерге арналған демалыс орындары мен ойын-сауық нысандарын салу жөніндегі инвестициялық жобаларды қолдауға қатысты

Қазіргі уақытта Қытай Халық Республикасындағы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданындағы Канас көлі мен Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл көлін байланыстыратын «Канас көлі – Марқакөл көлі» трансшекаралық туристік бағытын ұйымдастыру мәселесі пысықталуда.

Трансшекаралық туристік маршрут ұйымдасқан туристік топтар мен жеке саяхатшыларға қызмет көрсетуге арналған инфрақұрылымы бар тікелей автомобиль бағыты түрінде қарастырылуда.

Сонымен бірге Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағында жергілікті жеке инвесторлардың қатысуымен Ақ Берел өзенінен өтетін көпірге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Құрылыстың жалпы құны республикалық бюджет есебінен 592 млн теңгені құрайды, нысанды пайдалануға беру мерзімі 2026 жылға жоспарланған.

Глубокое ауданы мен Риддер қаласында тау шаңғысы курорттарын салуды «Бәйтерек» ҰБХ» акционерлік қоғамы арқылы қаржыландырумен қамтамасыз ету мәселесі

Шығыс Қазақстан облысы аумағында 4 тау шаңғысы кешені (*Глубокое ауданында «Алтайские Альпы» және «Нұртау», Риддер қаласында «Эдельвейс» және «StarDust Camp»*) жұмыс істейді.

«Алтайские Альпы» мен «StarDust Camp» кешендері тұрақты жұмыс істеп тұр және туристер арасында сұранысқа ие.

«Эдельвейс» базасында туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ Риддер қаласы аумағында жыл бойы жұмыс істейтін заманауи «Анатау» тау шаңғысы курортын салу жобасын іске асыру мәселесі пысықталуда.

Бұдан басқа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ туристік саланың ірі жобаларын қолдау мақсатында тиісті бағдарлама әзірледі. Оның шарттарына сәйкес қаржыландыру мерзімі 20 жылға дейін, ең төменгі сома 7 млрд теңгенің баламасын құрайды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 7% аспайды.

Сонымен қатар «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ түпкілікті қарыз алушылар үшін жылдық тіркелген номиналды мөлшерлемесі 12,6 % болатын «Өрлеу» микро, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен қаржыландырудың жаңа Бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама шеңберінде кіші салалар бойынша туризм саласында жұмыс істейтін шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсетіледі.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ ірі жобаларды ғана емес, сонымен қатар микро, шағын және орташа жобаларды қаржыландырудың арнайы бағдарламаларын әзірлеумен және енгізумен қоса туризм саласындағы қолдау құралдарын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Осылайша, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ туризм саласындағы жобаларды, оның ішінде тау шаңғысына қатысты жобаларға қолдау көрсетуге, тұрақты инфрақұрылымды қалыптастыруға және туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Туризмді дамыту мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің тұрақты бақылауында.

О. Бектенов